



ЖАС Урпақ

№ 01 (95), 2024 ж. наурыз



АСТАНА. АБЫЛАЙХАН МЕН МАҒЖАН ДАҒҒЫЛЫ. А. ҚҰСАЙЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Астананы Ақмола кезеңінен білетін жұрт ректор, қоғам қайраткері, жауапты азамат Амангелді Құсайынұлы (1942-2022) жақсы таниды. Ол ресми Целиноградқа 1992 жылы облыстық пединститутты басқаруға жіберілген. ҚазМУ һәм Өмірбек Жолдасбек мектебінен өткен, Желтоқсанның ызғарын көрген...

Не керек, экономикалық дағдарыс кезеңінде ЦМПИ, ЦМҚИИ (құрылыс инженерлері институты) және бірсыпыра техникум, училищені қосып, Ақмола өңірлік университетін жасады. Одан – Еуразия университеті. Жасынан кетпен-күрек ұстағаны бар, спорт шебері деңгейі және бар, бүгінде аты дардай ЕҰУ-дың жатақханасы мен оқу ғимараттарын жөндеу ісінде өзі бас болып зембіл көтергенін көзіміз көрді. Өрі қарапайым, әрі бетті еді. Ешкімге ұпайын жібермейтін...

Кейін ЖАК-ты (ғылыми атақ беретін мекеме), Білім академиясын басқарды. Зейнетке шыққан соң, елордада кезінде өзі құрған жекеменшік жоғары мектеп – ЕАГИ-дің ректоры болды. Төрт қасиетін ерекше атаймыз:

- 1) қарапайымдылығы мен қағидатшыл іскерлігі;
- 2) кітап оқып, шын ғалымның деңгейін ажырататындығы;
- 3) газет-журналды мұқият оқитындығы;
- 4) сұхбат беріп, мақала жазғанда ескі мақал-мәтелді түйдек-түйдек қолданатыны.

1997 жылы (өңір пен қаланың біртұтас кезі) екеуіміз қатар Ақмола облыстық Ономастика комиссиясының



мүшесі едік. Декоммунизацияның басталған шағы. Қалтай ағамыз айтқандай, «жер-жерден бұрқ-бұрқ етіп батырлар шығып жатқан» кез. Бір жиында Өбекең мінберге шығып: «Әй, қиялдан батыр туғызып, жапатармағай сақал боямайық. Ленинді алдың ба – орнына Лениндей қазақты қой. Крупскаяны алдың ба – орнына ұлтқа еңбегі сіңген ел анасын қой» деген-ді...

Айтпақшы, Өбекеңнің инклюзивті ерлігін де ұмытпалық. Тұңғыш егізі Ғалия мен Бота естуден де, сөйлеуден де қалғанда Раушан апай екеуі соларды адам қатарына қосамыз деп, жанқиярлық мұхатқа барды. Ымның тілін өздері де меңгеріп, Ленинградқа дейін оқытып-тоқытады. «Мен осы қыздарымның қасында болайын деп, Нева бойындағы шаһарда кеше де сыпырдым...» дейтін. Қазір қос қарындасымыз – Қазақстанның абыройлы суретшілері. Туындылары өлем көрмелерінде тұр...

ЕАГИ-де «Тұлға және ұлт руханияты» атты ғылыми семинар өтіп, А.Құсайынұлы атындағы ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Мақсаты – Өбекең жобажоспарларын жалғастырып, ЖОО ғылымына қатысты көкейкесті зерттеулер жүргізу. Шараға біз де қатысып, өріптестерімізге «іске сәт!» дедік.

Дихан Қамзабекұлы
ҚР ұлттық академиясының академигі

ХРОНИКА СТУДЕНЧЕСКОЙ ЖИЗНИ

ЯНВАРЬ

В период зимней сессии 2023-2024 учебного года Комитетом по делам молодежи, фракцией права и правопорядка Студенческого Парламента и студенческим антикоррупционным клубом «Саналы ұрпақ» была проведена акция «Чистая сессия» среди студентов академических групп ЕАГИ.

15 января началась практика студентов согласно утвержденному графику.

30 – 31 января студенты – волонтеры ЕАГИ приняли участие в семинарах – тренингах по реализации студенческого волонтерского проекта «Менің бауырым», инициированного Президентом Республики Казахстан К.К. Токаевым.

ФЕВРАЛЬ

1 февраля студенты – волонтеры института приняли участие в совместном совещании волонтеров, координаторов проекта «Менің бауырым» вузов столицы и заместителей директоров школ для более эффективной коммуникации школ и волонтеров.

7 февраля состоялась конференция по итогам практики студентов 2 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка».

8 февраля в группе ЮР-22-01 был проведен кураторский час на тему: «Есть ли угроза межнациональных конфликтов в Казахстане?».

8 февраля врач-дерматовенеролог С. Бостанов и врач отделения профилактики и социально-психологической помощи ГКП на ПХВ «Городская поликлиника №3 акимата города Астаны» А. Нұрмагамбетов провели семинары-тренинги, в которых приняли участие студенты образовательной программы «Юриспруденция».

10 февраля студенты 1–2 курсов образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» приняли участие в мастер-классах, организованных образовательной компанией USTAZ PRO – Казахстанская образовательная компания в Международной школе Riviera.

12 февраля состоялась встреча студентов с артистами Казахского государственного академического музыкально-драматического театра имени Калибека Куанышбаева: музыкантами, композиторами Нурболатом Сахы и Темирланом Шукеновым.

13 февраля общественный медиатор Ассамблеи народа Казахстана Н.С. Солдатова прочитала гостевую лекцию на тему: «Межэтническая толерантность и медиация» для студентов образовательной программы «Юриспруденция».

13 февраля руководитель отдела по работе с волонтерами Дирекции по подготовке и проведению Всемирных игр кочевников Б.Б. Жандилдаев провел презентацию V Всемирных игр кочевников с целью привлечения студенческой молодежи, в том числе и студентов ЕАГИ, в качестве волонтеров.

Наурыз – Көктем

Наурыз мерекесі ұлттар мен ұлысты ұйыстыратын, ізгілік пен жақсылықтың жаршысы. Осынау айтулы мереке адамзат баласы үшін ерекше күн. Себебі, жер жаңарып, көктеп, гүлдеп, жайқалып, күн мен түннің теңеліп, адамдар көрісіп жататын жайма-шуақ көңілді кез.

Көне дәуірден жеткен наурыз мерекесі, ұлыстың ұлы күні А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында жыл сайын кең көлемде аталып өтеді. Институттың профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттері әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді дәріптеп, қойылымдар қойып, әннен шашу шашып, көңіл тербетер жырлар оқып, мерекелік көңіл

күй сыйлай білді. Ұлттық ойындардан жарыс, қабырға газетінен байқау өтіп, жеңімпаздар грамоталармен, сыйлықтармен марапатталды.

Жиын барысында проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қадыр Әбілжанұлы көпшілікті мерекемен құттықтап, жиналғандарға ізгі тілегін білдірді.



Тарихта наурызды тойлау 8-9 күнге жалғасқан. Оны «Наурызнама» деп атаған. Бұл туралы деректер Махмұд Қашқаридің, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде бар.

Азаттықтың арқасында өткеніміз жаңғырып, өшкеніміз жанып, ұлттық құндылықтар насихатталып жатыр. Соның бір көрінісі наурызды тойлау тұжырымдамасы төмендегідей бекіді:

жалғастыру 2-бетте

жалғастыру 2-бетте

Наурыз - Көктем

басы 1-бетте

14 наурыз Көрісу күні – Амал мерекесі. Бұл дәстүр негізінде еліміздің батыс өңірлерінде сақталған. Қазір бұл мерекені барлық аймақта тойлау ұсынылды.

15 наурыз – Қайырымдылық күні. Бұл күнді ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арнаймыз.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналып, республика бойынша түрлі іс-шараларды өткізу жоспарланып жатыр.

17 наурыз – «Шаңырақ күні». Осы күні отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар өтеді.

18 наурыз – Ұлттық киімдер күні. Наурызнаманың онкүндігінде еліміздің барлық өңірінде ұлттық киімдерді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шара өткізу ұсынылып отыр.

19 наурыз – Жаңару күні. Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрін жалғастыру ұсынылды.

20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл күні елдің барлық аймағында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады.

21 наурызды – Ынтымақ күні. Оның басты мақсаты – жалпы халық арасында бір-біріне деген сый-құрметті арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау.

22 наурыз – Жыл басы. Бұл күні еліміздің барлық өңірінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрмеңке

ұйымдастырылады. 14-23 наурыз аралығында «Наурыз-базарлық» маусымы жарияланады. Бұл күндері сауда орындарында жаппай сатылымдар өтеді.

23 наурыз – Тазару күні. Наурызнаманың қорытынды күні, жаңа жылды тұтас ел болып, жаңа мақсат, жаңа үмітпен қарсы алудың символы ретінде етіп жарияланады. Бұл күні Қазақстанның барлық аймақтарында жалпыұлттық экологиялық акция өтеді.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!

Аслан Есімханұлы
Қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының
меңгерушісі, философия
докторы (PhD), доцент



АЛҒАШҚЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ



Мен, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, педагогика кафедрасының «БВ01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2-курс студентімін.

Мен институтта оқыған оқулықтармен, оқу құралдарымен және дәрістер жазылған дәптерлеріммен қаруланып, мектеп табалдырығын аттадым.

Өзімді жаңа рөлде, «Мұғалім» ретінде сынап көру өте қызықты болды. Алғашында шиеленіс, толқу, тіпті қорқыныш сезімі сөйлемеді. Біріншіден, бұл мен өзім оқыған мектеп емес – мұнда мүлдем бейтаныс мұғалімдер, мектеп оқушылары, мектеп өмірінің мүлде бейтаныс қайнаған ағыны.

Мектеп басшылығы мені жіберген сыныппен бірінші күні-ақ танысып үлгердім. Мұғалім мені 4 «Ә» сыныбына жіберді. Маған барлық балалардың есімдерін ешқашан жаттай алмайтындай көрінді, бірақ бірнеше аптадан кейін әр бала мен үшін жеке тұлға болды. Балалар мақтау мен сынға тез жауап береді. Деген-

мен, мен оларды жиі мақтап, оқуға деген құштарлықтарын арттырдым.

Жұмыс уақытын жоспарлауда да аздаған қиындықтар болды. Сабақты қаншалықты жақсы білсең де, уақытты есептесен, маңызы жоғалады екен, қырық бес минуттың әр минутын жоспарлауды үйрендім.

Мұғалімнің еңбегі бір сабақпен бітпейтінін түсіндім. Үйде де келесі сабақтарға, сыныптан тыс жұмыстарға үнемі дайындалумен өтетініне көзім жетті.

Мен балалардың сапалы білім алуына жауапты екенімді сезіне бастадым. Бір жарым айдың ішінде төртінші сынып оқушыларына тез үйрендім. Тіпті, олармен қимай қоштастым.

Педагогикалық тәжірибе мені есейтті. Оқуымды бітірісімен, мектепке барамын деп шештім.

Аида Білімжан,
Б0-22-01 тобының студенті



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ КЕПІЛІ

Қазақстан халықтары Ассамблеясы – еліміздегі түрлі этникалық топтар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін құрылған жоғары өкілді орган. Ол ұлттық бірлік пен көп ұлттық келісімді сақтауда шешуші рөл атқарады.

Бүгінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы әртүрлі этникалық топтарды білдіретін 9 фракциядан тұрады. Оларға қазақтар, орыстар, украиндар, өзбектер, татарлар, ұйғырлар және басқа ұлт өкілдері кіреді. Әр фракцияның ассамблея депутаттары арасынан сайланатын өз көшбасшысы болады.

Ассамблеяның басты мақсаты – көпұлтты мәдениетті дамытуға және барлық этникалық топтардың тілдерін сақтауға ықпал ету. Ол ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды насихаттауға бағытталған түрлі мәдени іс-шаралар, фестивальдар мен байқаулар өткізеді.

Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды насихаттау мақсатында экономикалық және математикалық пәндер кафедрасының оқытушылары мен студенттері осы мәселеге арналған әртүрлі іс-шаралар өткізеді. Мысалы «Мы разные, но мы равны» тақырыбында викторина, «Единство в многообразии», «Бір халық – бір тағдыр» тақырыбында кураторлық сағаттар ұйымдастырды. Іс-шаралардың басты мақсаты –



қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулық еліміздің өсіп-өркендеуінің басты құралы екендігін студенттер бойына сіңіру.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы этносаралық ынтымақтастықтың бірегей тәжірибесі және көп ұлтты қоғамда үйлесімділік пен келісімге қалай қол жеткізуге болатынының

үлгісі болып табылады. Оның қызметі әртүрлі этникалық топтар арасындағы толеранттылықты, айырмашылықтарды құрметтеуді және өзара түсіністікті дамытуға ықпал етеді.

Айгерім Аманжолова,
Қ-21-01 тобы студенті

ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ

Мен осы жылы академиялық ұтқырлықпен өзім қалап келген жоғарғы оқу орны – А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.

Менің алғаш келген күннен бастап, деканат қызметкерлері, куратор, группаластар институтқа тез үйреніп кетуіме септігін тигізді.


Өсіресе, куратор Гүлмира Сайлаубайқызы куратор ретінде топтағы студенттермен ашық жарқын араласып, әрбір кураторлық сағатында жастар арасындағы түйткілді мәселелер жөнінде пікір таластар өткізеді.

Институтта түрлі шығармашылық кештер, апталықтарда қызықты өткізіледі екен. Студенттік іс-шаралар жаңа достар табуға, түрлі идеяларымды шыңдауға септігін тигізді.

Институт жатақханасы да ұнады. Әр күні профессор – оқытушылар жатақханада кезекшілік атқарып, студенттер жағдайымен танысып тұрады екен. Жатақхана корпус жанында орналасқандықтан, академиялық ұтқырлықпен келген студенттер үшін де онда тұру өте ыңғайлы.

Бұл оқу орны мен үшін студенттік кезеңдегі естен кетпес жарқын күндерім болары сөзсіз. Егер маған қайта таңдау берілсе, осы институтқа қайта келер едім. Жоғары оқу орны арасындағы академиялық ұтқырлық жалғаса берсе деген тілегім бар.

А. Полатова,
Ө.Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық
университетінің студенті



ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА СТУДЕНЧЕСКОГО ПАРЛАМЕНТА

27 февраля 2024 года в Евразийском гуманитарном институте имени А.К. Кусаинова прошли выборы Президента Студенческого Парламента. Подать свою кандидатуру для участия в выборах мог любой студент нашего вуза.



Следует отметить, что основной целью проведения выборов было усиление роли Студенческого Парламента в воспитании студентов, утверждение демократического образа жизни, взаимной требовательности, чувства социальной справедливости, здорового морально-психологического климата, утверждение на основе широкой гласности нравственных принципов, нетерпимости к антиобщественным проявлениям в быту.



В ходе предвыборной кампании кандидаты представили свои предвыборные программы, изложили собственное видение защиты прав студентов, развития студенческой жизни и социальной поддержки. Одними из первых поддержать кандидатов и отдать свой голос пришли ректор ЕАГИ А.Д. Исмаилов и председатель Комитета по делам молодежи Н. Шынберген. В течение всего дня за кандидатов голосовали проректоры, декан, начальник офис-регистратора,

заместитель декана, заведующие кафедрами, преподаватели и студенты ЕАГИ. Это еще раз доказывает сплоченность профессорско-преподавательского и студенческого коллектива нашего ЕАГИ!

По итогам голосования победу одержала студентка 3 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» Ая Ергалиева.

Лично я знаю Аю не первый год. Она, несомненно, лидер нашего студенческого самоуправления. В прошлом семестре мы вместе с Аей обучались в рамках академической мобильности в университете

«Bolu Abant Izzet Baysal University» города Болу (Турция). Она зарекомендовала себя как ответственный, любознательный студент и завоевала уважение среди турецких преподавателей и студентов.

Мы всей нашей дружной командой активистов ЕАГИ поздравляем Аю с заслуженной победой и желаем удачи в реализации своей предвыборной программы!

Анеля Кұламан,
студент группы ШТ-22-01,
руководитель студенческого
Пресс-центра ЕАГИ



басы 1-бетте

14 февраля студенты – волонтеры клубов «Асыл жүрек», «Инсайт» и психологической поддержки студентов «Сенім» посетили Центр по оказанию бесплатной комплексной помощи людям, попавшим в тяжелые жизненные ситуации, жертвам сексуального и бытового насилия общественного фонда «ПРАВО».

14 февраля состоялась конференция по итогам практики студентов 2-3 курсов образовательных программ «История», «Педагогика и психология», «Педагогика и методика начального обучения».

14 февраля состоялась встреча студентов с лидерами общественного объединения «Ассамблея жастары».

15 февраля преподаватель кафедры экономических и математических дисциплин А.Г. Кожаметова провела кураторский час «Бірхалық – біртағдыр» в академических группах Қ-23-01, Қ-21-01.

16 февраля состоялась встреча студентов с Пулатовым Шерзодом Аббозовичем, председателем узбекского этнокультурного центра города Астана, председателем республиканского Совета медиации Ассамблеи народа Казахстана, председателем комиссии по межэтническим вопросам Общественного Совета Министерства культуры и информации РК, членом Национального Совета (Ұлттық Құрылтай) при Президенте РК, членом рабочей группы по развитию института медиации при МКИ РК, членом Научно-экспертного Совета АНК.

16 февраля состоялась встреча преподавателей и студентов кафедры педагогики с Мадинай Куандык, социальным предпринимателем, этнодизайнером, автором проекта «Қапсырма».

17 февраля в онлайн формате состоялась конференция по итогам профессиональной практики студентов 1 – 2 курсов образовательных программ «История», «Педагогика и психология», «Педагогика и методика начального обучения» «Дошкольное обучение и воспитание» очной сокращенной формы обучения.

19 февраля Омер Фарук Сонмез, профессор Университета Токат Газисманпаша (Турция), приступил к чтению лекций на тему: «Оқытудың әдістемелері мен технологиялары» для студентов 1 – 2 курсов образовательных программ «Дошкольное обучение и воспитание», «Педагогика и методика начального обучения», «Педагогика и психология», «История».

23 февраля студенты-волонтеры кафедры педагогики (К. Домина, А. Базар, А. Бабанская, Ж. Ерболатова) в рамках проекта «Менің бауырым» провели с учащимися 6 «Д», 6 «В» классов школы-гимназии № 5 г. Астана тренинг на тему: «Мы - единое целое».

27 февраля прошли выборы Президента Студенческого Парламента ЕАГИ.

29 февраля в рамках празднования Дня благодарности в Доме студентов куратор кафедры педагогики Б.Е. Сейіткерім провела мероприятие «Алғысайту-парызым» для студентов академической группы Т-23-01.

29 февраля в академической группе ШТ-22-01 куратор А.М. Сарсенова провела кураторский час, посвященный Дню Благодарности.

29 февраля на кафедре юридических дисциплин был проведен кураторский час, посвященный Дню благодарности для студентов академических групп ЮР-23-01, ЮРТ-23-01, ЮР-21-01.

жалғастыру 4-бетте

АЛҒЫС АЙТУ – БІЗДІҢ ПАРЫЗ!

Мен Амангелді Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 4-курс студентімін.

Заңның қыр-сырын меңгертіп жатқан заң пәндері кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамына алғыс айтқым келеді.

Заң пәндері кафедрасының оқытушылары болашақ заңгерлер үшін негіз болатын ар-намыс пен қадір-қасиеттің, адамгершілік категорияларына негізделген нақты азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ұмтылады.

Оқытушыларымыздың арқасында сабақты жақсы оқып, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық конкурсына қатысып, осы қордың грант иегері атанғанымна қуаныштымын.

4 жыл бойы оқу барысында институттағы мамандандырылған криминали-

стика кабинеті, криминалистикалық техника зертханасы және сот отырысы залы, жер, аграрлық және экологиялық құқық, конституциялық құқық, әкімшілік құқық, еңбек құқығы кабинеттерінде түрлі практикалық және зертханалық сабақтар өтіп, теориялық тәжірибе жинақтадық.

Оқумен қатар, кафедра мен институттың қоғамдық іс-шараларына қатысып, жүлделі орындарға да ие болдым.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының республикалық нотариаттық палатасында өндірістік тәжірибеден өтудемін.

Алдымызға мақсат қойып, соған жетуге талпынсақ болашағымыз жарқын, келешегіміз кемел болатынына сенімдімін.

Әсемгүл Қазы
«Құқықтану» білім беру бағдарламасының
4 курс студенті



ИЗ АСТАНЫ В БОЛУ: ОПЫТ ОБУЧЕНИЯ ЗА ГРАНИЦЕЙ

Еще на первом курсе, изучая программы академической мобильности, мы узнали о возможности пройти обучение в течение одного семестра в каком-либо из зарубежных вузов. Мы решили, что этот опыт может быть интересным и полезным. Познакомившись с программами международного обмена, действующими в нашем институте, мы обратили внимание на университет в городе Болу, в Турции.

Приехав в сам город, мы разместились в общежитии для девушек «Вега». В общежитии предусмотрено двухразовое питание (завтрак и ужин) и уборка комнат 2 раза в неделю. Здесь живут девушки из разных стран, они делились с нами особенностями своего быта и своих традиций. Дорога из общежития в университет занимает 20 минут времени на автобусе.

Обучение в учебном заведении бесплатное. Сама система обучения не очень сильно отличается от нашей. Здесь тоже есть деление занятий на лекции и семинары, а также четко регламентирована продолжительность занятий (1 час 45 минут). Занятия проводят преподаватели, имеющие большой профессиональный опыт в юридической сфере.

Благодарим наш институт за предоставленную возможность обучаться за границей, знакомиться с культурой и обычаями другой страны, а также знакомиться со студентами из разных стран. Все это для нас бесценный опыт.

Сария Мендыбаева,
Диана Мамметова,
студенты 2 курса
образовательной программы
«Юриспруденция»



ЕАГИ РЕКТОРЫНЫҢ КУБОГЫНА ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР

2024 жылдың 23 ақпанында ЕАГИ спорт клубы, ЕАГИ студенттік Парламентінің Спорт және салауатты өмір салты фракциясы, Жас тар істері комитеті Астана қаласы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен бірлесіп А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының студенттері арасында волейболдан «ЕАГИ ректорының кубогы» турнирін өткізді.

Бірінші орын үшін күресте келесі құрамда «Альянс» командасы:

- Абылай Жиенше (Т-23-01 академиялық тобы);
- Ислам Молдағалиев (Т-23-01 академиялық тобы);
- Сұлтанбек Үштемір (Т-23-01 академиялық тобы);
- Ақжол Ноян (ҚТ-23-01 академиялық тобы);
- Абылайхан Боранбайұлы Мусиев – ЕАГИ-дегі психологиялық қолдау қызметінің жетекшісі;

- Аруана Бостанова (ЮҚ-23-01 академиялық тобы);
- Адия Амрина (АІ-23-01 академиялық тобы);
- Алтынай Ержанова (Т-23-01 академиялық тобы).

Екінші орын – «FAKEL» командасы:

- Ақниет Құрманов (ЮҚ-21-01 академиялық тобы);
- Мағжан Маратов (ЮҚ-21-01 академиялық тобы);
- Айбек Рахметов (ҚТ-21-01 академиялық тобы);

- Ерасыл Жомартов (ҚТ-21-01 академиялық тобы);
- Айдана Бақытбекқызы (ҚТ-21-01 академиялық тобы);
- Диана Кавир (ҚТ-22-01 академиялық тобы);
- Мерей Аубакирова (И-23-01 академиялық тобы);
- Дильназ Калибекова (БОТ-23-01 академиялық тобы).

Үшінші орынды «АВАНГАРД» командасы:

- Жандаулет Ауғанбай (Т-22-01 академиялық тобы);
- Данияр Макенов (Т-22-01 академиялық тобы);
- Даурен Ахмет (Т-22-01 академиялық тобы);
- Бекжан Арыстанғали (ҚТ-22-01 академиялық тобы);
- Қазына Әбдіраш (ЮҚТ-22-01 академиялық тобы);

- Азель Серік (ЮҚ-23-01 академиялық тобы) иеленді.

Сондай-ақ турнир қатысушылары арасында «Турнирдің үздік ойыншысы» номинациясының жеңімпаздары анықталды:

- Ер балалардың арасында – Абылай Жиенше (Т-23-01 академиялық тобы);
- Қыз балалардың арасында – Диана Кавир (ҚТ-22-01 академиялық тобы).

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге, сондай-ақ турнирді



ұйымдастырушылар – О.А. Волков, М.М. Мерғалиев, Жандаулет Ауғанбай (Т-22-01 академиялық тобы), Исламға Молдағалиев (Т-23-01 академиялық тобы) Астана қаласы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының грамоталары, алғыс хаттары және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Жеңістеріңіз құтты болсын!

Жандаулет Ауғанбай,
Т-22-01 тобының студенті,
Студенттік кеңестің төрағасы

басы 1-бетте

МАРТ

1 марта студенты академической группы БО-23-01 организовали креативное поздравление преподавателей и студентов с Днем благодарности.

1 – 2 марта председатель КДМ Н. Шынберген приняла участие в Международном семинаре-совещании со студенческой молодежью на тему: «Жастар қуаты – табысты келешекке бір қадам». В мероприятии, которое прошло в г.Павлодар, приняли участие: министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, проректоры по социально-воспитательной работе, активисты молодежных студенческих организаций и региональные омбудсмены.

4 марта м.п.н., старший преподаватель кафедры иностранных языков А.М. Сарсенова провела занятие на тему: «Кухни народов мира» в академической группе ШТ-22-02 по дисциплине «Базовый иностранный язык».

5 марта куратор И.А. Тобагабылова провела кураторский час для студентов 1-2 курсов образовательной программы 6В01303 – «Педагогика и методика начального обучения» на тему: «Формирование антикоррупционной культуры в обществе».

7 марта студенты академических групп Т-23-01, И-23-01, Т-22-01, Т-21-01 организовали праздничный вечер «Әлемнің асыл-сулулары», посвященный Международному женскому дню – 8 марта.

15 марта был проведен конкурс стенгазет, посвященный Наурыз мейрамы.

15 марта прошло тактико-специальное учение по пожарной безопасности.

15 марта прошла благотворительная ярмарка «ЕАГИ – территория добра».

Материалы рубрики подготовлены руководителем пресс-центра ЕАГИ Т.Г.Калиаскаровой



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

В преддверии Нового, 2024, года студенты – волонтеры Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусаинова приняли участие в благотворительной акции, ежегодно проводимой Независимым агентством по обеспечению качества в образовании.

В ходе благотворительной акции сотрудники Агентства и студенты института 16 декабря оказали помощь ветеранам тыла, инвалидам, одиноким пенсионерам, проживающим в г. Астана, и передали им подготовленные заранее подарки.

8 февраля 2024 года студентам – волонтерам ЕАГИ были вручены благодарственные письма Независимого агентства по обеспечению качества в образовании за активное участие в благотворительной акции.



Поздравляем студентов кафедры иностранных языков: Дарью Панченко (академическая группа ИЯ-23-01) – победителя в номинации «Перспективная научная разработка», Алму Ислям (академическая группа ШТ-22-01) и Ыкылыса Айбасова (академическая группа ШТ-20-01) – победителей в номинации «Оригинальная идея исследования» (научный руководитель: м.п.н. А. М. Сарсенова) Международного конкурса студенческих научно – исследовательских работ по лингвистике и лингводидактике, проводимого ФГБОУ ВО «Оренбургский государственный педагогический университет» (Россия).

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Поздравляем студентов кафедры иностранных языков с занятиями:

- в номинации «Перевод басен (русский и английский языки):

1 место – Назым Кулашева (академическая группа ШТ-22-01);

3 место – Жанэтта Амантаева (академическая группа ПД- 20-01);

- в номинации «Перевод газетной статьи (русский и английский языки):»

2 место – Мария Курал (академическая группа ШТ-22-01);

3 место – Фарида Бурумбаева (академическая группа ШТ-22-01) (научный руководитель: м.п.н. А. М. Сарсенова) на конкурсе переводов, проводимого Таганрогским институтом имени А.П. Чехова ФГБОУ ВО «РГЭУ (РИНХ)» (Россия).



Газета Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова «Жас ұрпақ»
Учредитель: Ректорат ЕАГИ

Регистрационное свидетельство № 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Редактор: Я. Оспанова
Верстка: А. Заркешева
Тираж: 500 экз.
Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

Адрес:
г. Астана, пр. Жумабаева, 4.
E-mail: eagi@list.ru
www.egi.edu.kz